



– Сапар әдептері – мен укімдері.

қазақ тілі

كازاخى

شركاء التنفيذ :



المحتوى الإسلامى



رواد التراجم



بيان الإسلام



دار الإسلام

يتاح طباعة هذا الإصدار ونشره بأي وسيلة مع
الالتزام بالإشارة إلى المصدر وعدم التغيير في النص



Tel : +966 50 244 7000



info@islamiccontent.org



Riyadh 13245-2836



www.islamiccontent.org

Сапар әдептері мен үкімдері.

"Барлық мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаға тән, Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына Алланың сәлемі мен игілігі болсын."

Сонан кейін:

Бұл қысқаша жолдау - сапар әдептері және оған байланысты үкімдер туралы.

Біз онда жолаушының көбінесе білуіне тиіс болған нәрселерді баяндауға тырыстық.

Аллаһ тағаладан бұл еңбектің тек Оның Жомарт Дидары үшін болуын және барлық мұсылмандарға пайдалы етуін сұраймыз.

"Ислам мазмұнын түрлі тілдерде ұсыну қауымдастығының ғылыми комитеті"

Қажылық немесе басқа ғибадат мақсатымен шыққан жолаушы білуге тиіс болған мәселелер:

1

Қандай да бір іске бел буса, ол сапар бола ма әлде көлік, серік таңдау немесе пайдалы, қолайлы уақытты таңдау бола ма, амалын Аллаһқа истихара намазын оқып, оған қоса бұл мәселеде тәжірибелі, салиқалы адамдармен ақылдасудан бастауы.

Қажылық пен умра сапарын; қайырлы екені күмәнсіз болғандықтан, (еш кідірместен) кірісуге болады. Истихара намазының орындалу тәртібі: Аллаһ Тағалаға екі ракағат намаз оқып, Пайғамбарымыз ﷺ сүннетінде келген дұғаны оқу.



2

Қажылық пен умраға аттанған жолаушы, бұл амалдарың тек Аллаһ Тағаланың ризалығын табу және Оған жақындау ниетінде жасауы керек. Ол дүние меңзеу,

мақтаныш, атақ-абырой немесе көз - бояушылықтардан аулақ болуы тиіс, өйткені бұл амалдың жарамсыз болып, қабылданбауына әкеп соғады. Аллаһ Тағала айтады:

Аллаһ Тағала айтады:

(قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مِّثْلُكُمْ يُوحَىٰ إِلَيَّ أَنَّمَا إِلَهُكُمُ اللَّهُ وَاحِدٌ فَمَن كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا)
"Айт: «Анығында мен де өздерің секілді адаммын. Маған: «Сендердің құдайыңыз – Жалғыз Құдай», - деп уахи етілуде. Кімде-кім Раббысына жолығуды үміт етсе, ізгі амал істесін және Раббысына құлшылық етуде Оған ешкімді серік қылмасын», - деп" [Әл-Кәһф : 110].

Ал хадис құдсиде Аллаһ Тағала:

«أَنَا أَعْنَى الشِّرْكَاءِ عَنِ الشِّرْكِ، مَنْ عَمِلَ عَمَلًا أَشْرَكَ فِيهِ مَعِيَ غَيْرِي تَرَكَتُهُ وَشِرْكُهُ».



Мен - серіктестердің ең тәуелсізбін. Кімде-кім (құлшылық) амалын Менімен қатар басқаға арнаса, оны және істеген ісін (қабылдамай), серігіне тастап қоямын.⁽¹⁾



(1) Мүслим риуаят еткен, (2985) хадис.

3

Қажы мен умра жасаушы адамға (білместіктен) бір уәжіпті тастап қоюы немесе харам іске ұрынуы ықтимал болғандықтан,

ол сапарға шықпай тұрып умра мен қажылық үкімдерін, сондай-ақ сапар үкімдерін үйренуі тиіс. Пайғамбарымыз ﷺ,

«مَنْ يُرِدِ اللَّهُ بِهِ خَيْرًا يُفَقِّهْهُ فِي الدِّينِ».



Аллаһ қайсы бір құлына жақсылық қаласа, оған дінді үйретіп қояды», - деген⁽²⁾



4

Қажылық пен умра жасаушы адал ақшасымен баруы керек.

Өйткені: Аллаһ Тағала Таза, Ол тек таза нәрселерді қабыл етеді. Ал хараммен келген мал-мүлік дұғалардың қабыл болмауына себеп болады.

5

Барлық күнәлардан тәубе ету.

Егер адамдардың ақысын жеп, зұлымдық жасаса, ол ақшалай болса оны қайтарумен, ал ар – намысын төксе немесе сол секілді болса, кешірім сұраумен жөндеуі керек.

6

Сапарға шығатын кісіге (оған біреу қарыз немесе ол біреуге қарыз болса) өсиет жазуы мустахаб болады

Пайғамбар ﷺ былай деген:

«مَا حَقُّ امْرِئٍ مُسْلِمٍ لَهُ شَيْءٌ يُوَصِّي فِيهِ بَيْتٌ لِثَلَاثِينَ إِلَّا وَوَصِيَّتُهُ مَكْتُوبَةٌ عِنْدَهُ».



" Мұсылманның өсиет қалдыратын нәрсесі болса, оны жазып қоймайынша екі түннен артық уақыт өткізуіне ақысы жоқ (яғни жазуды кешіктірмесін)"⁽³⁾



(2) Оны әл-Бухари (2738) және Мүслім (1627) риуаят еткен.

(3) Оны Әбу Дәуіт риуаят еткен, (4833).

Оған біреуді куәгер қылады, мойнындағы қарызын өтейді, аманаттарды иелеріне қайтарады немесе олардан аманаттын қалуын сұрайды.

7

Сапарға шығушы жақсы, салиқалы жолдас (жолсерік) таңдауға тырысу керек. Ондай жолдастың шарифат ілімін талап етушілерден болғаны абзал

бұл оның қажылық, умра амалдарын қателеспей жасауына себеп болады. Бұған дәлел ретінде Пайғамбарымыз ﷺ сөзін келтірсек:

«الرَّجُلُ عَلَى دِينِ خَلِيلِهِ، فَلْيَنْظُرْ أَحَدُكُمْ مَنْ يُخَالِلُ»;

"Адам өз досының дінінде болады. Сондықтан әркім кіммен дос болғанына қарасын" ⁽⁴⁾

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзіне сәйкес:

«لَا تُصَاحِبْ إِلَّا مُؤْمِنًا، وَلَا تَأْكُلْ طَعَامَكَ إِلَّا تَقِيًّا».

"Тек мүмінмен достық құр! Тамағыңды тақуа адам ғана жесін!" ⁽⁵⁾

(4) Әбу Дәуд (4832) және әт-Тирмизи (2395) риуаят еткен.

(5) Әт-Табарани риуаят еткен, (823).

8

Сапарға шықпас бұрын жолаушыға жан-ұясына, туыстарына, көршілеріне және бауырларына қоштасуы мустахаб болады.

Пайғамбар ﷺ :

«مَنْ أَرَادَ أَنْ يُسَافِرَ فَلْيَقُلْ لِمَنْ يُخَلِّفُ أَسْتَوْدِعُكُمْ اللَّهَ الَّذِي لَا يُضِيعُ وَدَائِعَهُ».

«Кім сапарға шыққысы келсе, артында қалатындарға: "Сіздерді тапсырылған нәрселерді жоғалтпайтын Аллаһқа тапсырдым» - деп айтсын" - деген.⁽⁶⁾

Пайғамбар ﷺ сахабаларының бірі жолға шықса, онымен қоштасқанда (әр дайым):

«أَسْتَوْدِعُ اللَّهَ دِينَكَ وَأَمَانَتَكَ وَخَوَاتِيمَ عَمَلِكَ».

"Аллаһқа сенің дініңді, аманатыңды және амалдарыңның соңын тапсырдым", - деп дұға қылатын.⁽⁷⁾

Пайғамбар ﷺ одан өзінен асихат беруін сұраған жолаушыларға:

«زَوَّدَكَ اللَّهُ التَّقْوَى، وَغَفَرَ ذَنْبَكَ، وَيَسِّرَ لَكَ الْخَيْرَ حَيْثُ مَا كُنْتَ»

Аллаһ саған тақуалықты нәсіп етіп, күнәларыңды кешірсін. Қай жерде болсаң да, саған жақсылықты жеңілдетсін.⁽⁸⁾

(6) Ахмад өзінің «Муснадында» риуаят еткен, (4524).

(7) Әт-Тирмизи риуаят еткен, (3444).

(8) Ахмад өзінің «Муснадында» риуаят еткен, (9724).

Бір кісі Пайғамбарға ﷺ келіп: "Уа, Расулуллаһ! Маған өсиет етіңізші, мен сапарға шыққым келеді", - деді. Пайғамбар ﷺ оған:

«أُوصِيكَ بِتَقْوَى اللَّهِ، وَالْكَبِيرِ عَلَى كُلِّ شَرَفٍ فَلَمَّا مَضَى قَالَ اللَّهُمَّ ارْزُوقْهُ الْأَرْضَ، وَهَوِّنْ عَلَيْهِ السَّفَرَ».

"Саған Аллаһтан қорқуды (тақуалықты) және әр биік жерде «Аллаһу Акбар» деп зікір етуді насихаттаймын" Пайғамбар ﷺ адам кеткен соң, артынан: "Аллаһым! Ол үшін жерді жинақта (жолды қысқарт) және сапарын жеңілдете гөр!" - деп дуа қылды ⁽⁹⁾

9

Сапарда қоңырау, сырнай және ит алып жүруге болмайды.


Себебі Әбу Хурайра (Аллаһ ол кісіге разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ :

«لَا تَصْحَبُ الْمَلَايِكَةُ رُفْقَةً فِيهَا كَلْبٌ وَلَا جَرَسٌ».

«Періштелер ит немесе қоңырауы бар топпен бірге жүрмейді», - деген. ⁽¹⁰⁾

(9) Мүслим риуаят еткен, (2113).

(10) әл-Бұхари (2593) және Мүслім (2770) риуаят еткен.



10

Егер бір адамның бірнеше әйелі болып, ол сапарға әйелдерінің бірімен ғана шыққысы келсе, әйелдері арасында жеребе тастайды. Жеребе кімге түссе, сол әйелімен сапарға шығады.

Бұл Айша (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадис бойынша:

«كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا أَرَادَ سَفَرًا أَقْرَعَ بَيْنَ نِسَائِهِ، فَأَيُّتُهُنَّ خَرَجَ سَهْمُهَا خَرَجَ بِهَا مَعَهُ».

"Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққысы келгенде әйелдерінің арасында жеребе тастайтын. Жеребе кімге түссе, сол әйелімен бірге сапарға шығатын еді."⁽¹¹⁾

11

Мүмкіндігінше, сапарға бейсенбі күні таңертең шығу мустахаб болады (яғни Пайғамбарымыз ﷺ істеген сүннет).

Қағб ибн Малик (Аллаһ ол кісіге разы болсын) айтқан:

«لَقَلَّمَا كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَخْرُجُ إِذَا خَرَجَ فِي سَفَرٍ إِلَّا يَوْمَ الْحَمِيسِ».

"Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққанда көбінесе бейсенбі күні шығатын"⁽¹²⁾

12

Сапар алдында үйден шығарда оқылатын дұғаны немесе одан басқа дұғаларды оқу - мустахаб болады:

(11) HR. Bukhari (no. 2949).

(12) HR. Abu Daud (no. 5094).

«بِسْمِ اللَّهِ، تَوَكَّلْتُ عَلَى اللَّهِ، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أَضِلَّ أَوْ أُضَلَّ، أَوْ أَزِلَّ أَوْ أُزَلَ، أَوْ أَجْهَلَ أَوْ يُجْهَلَ عَلَيَّ».

"Алланың атымен (бастаймын), Аллаға тәуекел еттім. Аллах (Тағаланың) күш-қуатынан асатын ешқандай күш- қуат жоқ. Ей, Аллах! Мен адасуымнан немесе адастырылуымнан, қателесуімнен не қателікке ұшыратылуымнан және зұлымдық жасауымнан немесе маған зұлымдық жасалуынан және надандық жасауымнан немесе маған надандық жасалуынан Өзіңе сыйынамын.⁽¹³⁾

13

Жолаушыға, мініс көлігі, автокөлігі, ұшаққа немесе кезкелген тасымалдау құралына отырғанда, сапар дұғасын оқу мустахаб. **Сапар дұғасы:**

«اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ ثُمَّ يَقُولُ سُبْحَانَ الَّذِي سَخَّرَ لَنَا هَذَا وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ وَإِنَّا إِلَى رَبِّنَا لَمُنْقَلِبُونَ [الزخرف ١٥] اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْأَلُكَ فِي سَفَرِنَا هَذَا الْبِرَّ وَالْتَقْوَى، وَمِنَ الْعَمَلِ مَا تَرْضَى، اللَّهُمَّ هَوِّنْ عَلَيْنَا السَّفَرَ، وَاطْوِ عَنَّا بُعْدَهُ، اللَّهُمَّ أَنْتَ الصَّاحِبُ فِي السَّفَرِ، وَالْخَلِيقَةُ فِي الْأَهْلِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ وَعَثَاءِ السَّفَرِ، وَكَآبَةِ الْمَنْظَرِ، وَسَوْءِ الْمُنْقَلَبِ فِي الْمَالِ وَالْأَهْلِ».

Аллаһ ұлық! Аллаһ ұлық! Аллаһ ұлық!

Бізге мына (көлікті) бағындырған Аллаһ Пәк! Әйтпесе, біз оны бағындыра алмас едік. Расында, біз Раббымызға қайтамыз. Аллаһым! Осы сапарымызда бізге тақуалық, ізгілік пен Өзің разы болатын істерді нәсіп етуіңді сұраймыз. Аллаһым! Бізге сапарымызды жеңілдетіп, үшін оның қашықтығын қысқарта гөр. Аллаһым! Сен – сапарда серігімізсің, ал үйде қалғандарға Қамқоршысың. Аллаһым! Сапардың қиыншылығынан, қайғылы көріністерден және мал-мүлік пен отбасына жаман күйде оралудан Өзіңе сыйынамын.⁽¹⁴⁾⁽¹⁵⁾⁽¹⁶⁾⁽¹⁷⁾

(13) Саяхаттағы қиындықтар сөзі: сапардың қиындықтары мен ауыртпалықтарын білдіреді. "Әл-Ифсах ған мағани әс-Сыхах" кітабы, (4/284).

(14) Әл-Бухари, (2998).

(15) Имам Ахмад риуаят еткен, "Муснад", (6374).

(16) "Әл-мунқалаб" - қайту. "Әл-Ифсах ған мағани әс-Сыхах" кітабы, (4/284).

(17) Қайғыдан туындаған түр-сипаттың бұзылуы және күйзелістен болған мойынсұну (жабырқау, езілген күй) (4/ 284).



14

**Жолға серіксіз, жалғыз шықпау
- мұстахаб.**

Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ:

«لَوْ يَعْلَمُ النَّاسُ مَا فِي الْوَحْدَةِ مَا أَعْلَمَ مَا سَارَ رَاكِبٌ بِلَيْلٍ وَحْدَهُ».

**"Егер адамдар жалғыздықтағы
қауіпті мен білгенімдей білсе,
түнде жалғыз сапар шекпес
еді», - деген."**⁽¹⁸⁾

”

(18) Әбу Дауд, (2608).

“

15

**Жолаушылар өз араларынан бірін
басшы (әмірші) етіп алады.**

Бұл олардың бірлігін нығайтып,
келісімге жетелейді және
мақсаттарына жетуге күш береді.

**Пайғамбарымыз ﷺ былай
деген:**

«إِذَا خَرَجَ ثَلَاثَةٌ فِي سَفَرٍ فَلْيُؤَمِّرُوا أَحَدَهُمْ».

**"Үш адам сапарға шықса,
өздерінен бірін әмірші етіп
тағайындасын" (19)**

”

(19) Имам Ахмад, "Муснад", (17736).



16

Аллаһтың бұйырған амалдарын орындап, тыйым салынған істерден аулақ болуға ұмтылуы, сондай-ақ, ізгі мінез-құлықты ұстанып, көмекке мұқтаж адамға көмектесуі;

білімін басқалармен бөлісу; сапарда жомарттық танытып, мал-мүлкін өз пайдасы мен бауырларының керегіне жұмсауы керек.

17

Сапарға жеткілікті ақша және қажетті заттарды артығымен алу,

кенеттен қажеттілік туындауы немесе жағдайдың өзгеруіқтималын ұмытпау.



18

Сапар кезінде, барлық жағдайда жүзі жарқын, көңілі ашық болу керек.

Серіктерінің көңілдерін көтеруге ұмтылып, олармен жылы және өте-жақсы қарым-қатынас орнатып, бауырмал болуы тиіс.

19

Жол серіктерінің қатыгездігіне, пікіріне қарсылық көрсетуге шыдамдылық танытып, олармен ең көркем қарым-қатынас жасап,

сонымен өзін олардың арасында құрметті және жүректерінде ұлы (елеулі) болуына тырысу керек.

20

Жолаушылар бір мекенге түскенде бірігіп, бір-біріне жақын болулары тиіс.

Бірде Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары бір жерге дем алуға тоқтағанда, тау аңғарлары мен жоталарға таралып кеткен. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ:

«إِنَّ تَفَرُّقَكُمْ فِي الشَّعَابِ وَالْأُودِيَةِ إِنَّمَا ذَلِكُمْ مِنَ الشَّيْطَانِ»

"Сендердің осы тау аңғарлары мен жоталарға (бөлініп) таралуларың, шын мәнінде, шайтаннан",- деді. ⁽²⁰⁾

Бұдан кейін олар қай жерде тоқтаса да, бір-бірімен тығыз жиналып отыратын болды. Тіпті оларға бір шапанды жайса да, барлығы сиып кететін.

21

Сапар немесе басқа бір жерде болсын,

бір мекенге тоқтаған кезде Пайғамбардан ﷺ келген дұғаны оқу мұстахаб болады.

(20) Муслим, (2708).

«أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ»:

"Аллаһтың кемел сөздерімен, жаратқандарының жамандығынан Өзіне сыйынамын"⁽²¹⁾

«Егер бұл дұғаны оқыса, сол мекеннен кеткенше ешнәрсе оған зиян тигізбейді»

22

Адам биіктікке көтерілген кезде «Аллаһу әкбар» деп тәкбір, ал ойпаң немесе сай-салаға түскен кезде «Субханаллаһ» деп тасбиһ айтуы – мұстахаб амал. Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген:

«Біз биікке көтерілгенде Аллаһты ұлықтап ("Аллаһу әкбар" деп), ал төмендеген кезде ("Субханаллаһ"-деп) пәктейтін едік»⁽²²⁾

Тәкбір айтқанда дауыстарын қатты көтермеулері керек. Пайғамбарымыз ﷺ

«يَا أَيُّهَا النَّاسُ ارْجِعُوا عَلَى أَنْفُسِكُمْ فَإِنَّكُم لَا تَدْعُونَ أَحَدًا وَلَا غَائِبًا إِنَّهُ سَمِيعٌ قَرِيبٌ».

«Ей, адамдар! Өздеріңізге жеңілдік жасаңдар (дауыстарыңды бәсеңдетіңдер). Сендер саңырау немесе алыстағы біреуге дұға етіп жатқан жоқсыңдар. Күдіксіз, Ол (Аллаһ) сендермен бірге, Ол – Естуші, Жақын»⁽²³⁾

23

Сапар кезінде түнде жүруі, әсіресе түннің алғашқы бөлігінде жол жүруі – мұстахаб амал. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

(21) Әл-Бухари, (2994).[22

(22) Әл-Бухари, (2993)..

(23) Әбу Дауд, (2571).

«عَلَيْكُمْ بِاللُّجَةِ؛ فَإِنَّ الْأَرْضَ تُطَوَّى بِاللَّيْلِ».

"Түнде жол жүруге кеңес беремін, өйткені жер түнде қысқарып, (жеңіл түрде) басылады"⁽²⁴⁾

24

Сапар кезінде дұғаны көп айту – мұстахаб

Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«ثَلَاثَ دَعَوَاتٍ مُسْتَجَابَاتٌ لَا شَكَّ فِيهِنَّ دَعْوَةُ الْمَظْلُومِ، وَدَعْوَةُ الْمُسَافِرِ، وَدَعْوَةُ الْوَالِدِ عَلَى وَلَدِهِ».

«Үш түрлі дұға, сөзсі, қабыл, оған күмәнуға болмайды: зұлымдық көрген адамның дұғасы, жолаушының дұғасы, және ата-ананың баласына деген дұғасы»⁽²⁵⁾

(24) Имам Ахмад, "Муснад", (10771).

(25) Муснад әл-Баззар, (10068).

Екіншіден: Сапардағы тазалық



Жолаушы сапар кезінде тазалықты сақтап

кіші жәрп үлкен дәретті болуы тиіс.



Егер дәретке су таппаса немесе суы аз болып

оны тамақ немесе ішуіне қажет етсе, таямум алууына болады.



Таямум алу тәртібі:

Жерді екі алақанымен ұрып, сосын бетін және алақандарын сүрту.



Таямум дәреті уақытша дәрет болып саналады.

Су табылған кезде бұл дәрет жарамсыз болып, суды пайдалану міндетті болады. Егер кісі үлкен дәретсіздік (жүніб) үшін таямум жасаса, су тапқан соң оған ғұсыл қылуы міндетті.

Ал егер дәретсіздік (үлкен дәретке отырумен) таямум жасалса, су тапқан соң сумен дәрет алуы керек болады.

Хадисте айтылғандай:

«الصَّعِيدُ الطَّيِّبُ وَضُوءُ الْمُسْلِمِ وَإِنْ لَمْ يَجِدِ الْمَاءَ عَشْرَ سِنِينَ، فَإِذَا وَجَدَ الْمَاءَ فَلْيَتَّقِ اللَّهَ، وَلْيُمِسَّهُ بِشَرَّتِهِ».

«Таза топырақ — мұсылманның дәреті, тіпті ол он жыл бойы су таппаса да. Бірақ, су тапса, Алладан қорқып, денесін (дәрет не ғұсыл алумен) тазартсын»⁽²⁶⁾

Мәсі үстінен масих тарту

Құран, Сүннет және әһл-сүннет уәл-жамағаттың бір ауыздан келісіп, рұқсат еткен амалы.

Мәсі немесе соған ұқсаған нәрселердің үстінен масих тартудың белгілі шарттары бар. Олар:

1.

Мәсі немесе шұлық шариғатқа сай, яғни рұқсат етілген және таза болу керек.

2.

Оларды (мәсі немесе шұлықты) дәретпен кию керек.

3.

Олар дәретте жуу парыз болған мүшелерді толық жауып тұруы керек.

4.

Масих тек кіші дәрет бұзылған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Жүніптік немесе ғұсыл қажет болған жағдайда масих тартуға болмайды.

5.

Масих тарту шарифат белгілеген уақыт ішінде жарамды: жергілікті тұрғын үшін – бір тәуілік (бір күн, бір түн), **жолаушыға – үш тәуілік**. Бұл мерзім — дұрыс пікір бойынша — дәрет бұзылғаннан кейін алғаш рет масих тартылған уақыттан басталады. Өз елінде тұрып жатқан адам (мұқим) үшін – 24 сағат, сапарда жүрген адам үшін – 72 сағат жалғасады.





Аяққа тартылған масихті бұзатын үш жағдай:

1. Жүніптік сияқты ғұсылды қажет ететін жағдай орын алса. Ол кезде масих тарту жарамсыз болып, міндетті түрде жуыну керек.
2. Егер масих тартқаннан кейін мәсіні (немесе шұлықты) шешсе, масих жарамсыз болады.
3. Шариғат белгілеген мерзім өтіп кетсе, масх үкімі жойылады.

* * *



Үшіншіден: Сапар кезінде намазды қысқарту ережелері.

■ Сапарда намазды толық оқығаннан қысқарту абзалырақ Алайда,

жолаушы төрт ракағаттық намазды толық орындаса, намазы дұрыс болып есептеледі, бірақ ол абзал болған амалға қайшы келген болады.

■ Сапарға шыққан адам өз ауылы не қаласының үйлерінен өтіп асқан кезде ғана намазды қысқарта алады.

Бұл – ғұламалар көпшілігінің көзқарасы.



Егер жолаушы сапарға намаз уақыты кіргеннен кейін шықса, ол бұл намазды қысқарта алады.

Себебі ол сапарға намаз уақыты шықпай тұрып шыққан.

Ал, бесін мен екінті және ақшам мен құптан намаздарын қосып оқу

жолаушы үшін қажет болған жағдайда сүннет амалы болып табылады. Егер сапары жалғасып, тоқтамай жүріп келе жатса, өзіне қайсысы жеңіл әрі ыңғайлы болса – намаз уақыты кірген соң, алғашқы уақытында немесе кейінге шегеріп қосып оқуына болады.



Ал егер жолаушыға намаздарды біріктіру қажет болмаса, maka tidak біріктірмейді. Мысалы,

ол екінші намаздың уақыты кіргенше бір жерге қоныстанған болса, онда біріктірмеген абзал. Себебі оған мұқтаждық жоқ. Сол себепті Пайғамбарымыз ﷺ қоштасу қажылығында Минада аялдағанда, намаздарды қосып оқуға қажеттілік болмағандықтан, біріктірмеген.

Ал нәпіл намаздарға келер болсақ,

жолаушы тұрғылықты адам сияқты қалаған духа (сәске) намазы, түнгі намаз, үтір, және басқа нәпіл намаздарын оқи алады. Бірақ жолаушының бесін, ақшам және құптан намаздарының сүннеттерін оқымауы – сүннетке сай амал.

Сапар кезінде жолаушыға көлігі үстінде, мысалы:

ұшақ, автокөлік, кеме және басқа да қатынас құралдарында, нәпіл намаздарды оқыса болады әрі оқығаны жарамды болып табылады. Ал парыз намаздарға келсек, әлсіздік болмаса, оларды көліктен түсіп (Құбылаға қарап, толық рүкуғ-сәждемен) оқу керек.



■ Жолаушының тұрғылықты (муқим) адамға ұйып намаз оқуы дұрыс болып табылады.

Мұндай жағдайда жолаушы имам сияқты толық оқиды, яғни қысқартпай, төрт рәкағат етіп орындайды, ол мұны барлық намаздың ракағаттарына немесе одан азырағына үлгірсе, тіпті сәлем алдындағы соңғы тәшәһһудке ғана үлгірсе де толық оқуы міндетті. Бұл – ғалымдар айтқан қос пікірдің дұрысына сай үкім.

Төртіншіден: қажылық, умра немесе кез келген сапардан қайту әдебі

Жолаушы сапардан қажетсіз созбай,

мүмкіндігінше тезірек қайтуға тырысуы керек. Себебі Пайғамбарымыз ﷺ:

«السَّفَرُ قِطْعَةٌ مِنَ الْعَذَابِ، يَمْنَعُ أَحَدَكُمْ طَعَامَهُ وَشَرَابَهُ وَتَوَمُّهُ، فَإِذَا قَضَى نَهْمَتَهُ فَلْيُعْجِلْ إِلَى أَهْلِهِ».

«Сапар — азаптың бір бөлігі. Ол біріңе тамағын, сусынын және ұйқысын қиындатады. Сондықтан кімде-кім сапардағы қажет жұмысын бітірсе, үйіне оралуға асықсын» (27)

Егер адам өз еліне қайтқысы келсе, көлігіне мінген кезде сапар дұғасын оқиды,

мына сөздерді қосып айтады:

«أَيُّوْنَ تَأْيِيُوْنَ غَايِدُوْنَ لِرَبِّنَا حَامِدُوْنَ».

Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, мадақ айтып қайтып келе жатырмыз. (28)

(27) Әл-Бухари (1797), Муслим (1342).

(28) Әл-Бухари (4116).

**Сапардан қайтып келе жатқанда
Пайғамбарымыздан ﷺ риуаят етілген мына
сүннетті айту — мұстахаб: ол жорықтан,
қажылықтан немесе умрадан қайтқанда,
жердің әрбір биік нүктесіне шыққан сайын
үш рет "Аллаһу Әкбар" деп тәкбір айтып,
сосын былай дейтін:**

«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، أَيُّبُونَ، تَابُيُونَ، غَابِدُونَ،
سَاجِدُونَ، لِرَبِّنَا حَامِدُونَ، صَدَقَ اللَّهُ وَعْدَهُ، وَنَصَرَ عَبْدَهُ، وَهَرَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ».

**«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай
жоқ. Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Бүкіл билік
Оныкі және барлық мақтау Оған. Сондай-ақ Оның
күш-құдіреті барлық нәрселерге толық жетеді.
Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі
Оған мадақ айтып қайтып келе жатырмыз! Аллаһ
уәдесінде тұрды және Өзінің құлына көмектесіп,
тайпаларды жалғыз Өзі жеңді!» (29)**



Адам сапардан қайтып келе жатып тұратын қаласын көрген кезде мына дұғаны айтуы мұстахаб:

«أَيُّوْنَ تَأَيُّوْنَ غَائِبُوْنَ لِرَبِّنَا حَامِدُونَ».

Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі Оған мадақ айтып қайтып келе жатырмыз! (30)

Ол (жолаушы) бұл сөздерді қаласына кіргенше бірнеше рет қайталайды. Өйткені бұл — Пайғамбарымыздың ﷺ амалынан.

Егер сапардан ұзақ уақыт алыста болып келсе, қажет болмаса, үйіне түнде келмегені дұрыс.

Бірақ егер ол отбасысына түнде келетінін алдын ала хабарласа, рұқсат етіледі. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ бұған тыйым салған. Жәбир ибн Абдуллаһ былай деген:

«نَحْنُ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَطْرُقَ الرَّجُلُ أَهْلَهُ لَيْلًا».

«Алла елшісі ﷺ ер адамның түнде (отбасына) кенеттен келуіне тыйым салды» (31)

Бұл (тыйым салудың) даналығын басқа риуаятта түсіндірілген:

«حَتَّى تَمْتَلِطَ الشَّعِثَةُ، وَتَسْتَحِذَ الْمَغِيبَةُ».

«Sampai istrinya menyisir rambut yang berantakan dan menyiapkan dirinya tampil maksimal setelah ditinggal pergi lama.Таралмаған (шашы ұйпа-тұйпа болған) әйелі шашын тарап алсын, және күйеуі алыс сапарда болған әйел (жолдасы келерде) денесін ретке келтірсін» (32)(33)

(30) Имам Муслим (715) .

(31) Шашын майлап, тарамағанына көп уақыт болған әйел; ұстара қолдануы, яғни дене түктерін алу; күйеуі ұзақ уақыт үйде болмаған әйелдің хәлі. "Әт-Тахрир — әл-Әсбаханидің «Сахих Муслимге» жазған түсіндірмесі (292-бет).

(32) Муслим (715).

(33) Ән-Насаи, "Сунан" (9099).

Басқа бір риуаятта былай деп келтірілген:

«نَحْي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ يَطْرُقَ الرَّجُلُ أَهْلَهُ لَيْلًا، يَتَخَوَّنُهُمْ أَوْ يَلْتَمِسُ عَثْرَاتِهِمْ».

«Пайғамбарымыз ﷺ ер адамның түнде (кенеттен) отбасына келуіне тыйым салды, оларды күмәнмен бақылап немесе кемшіліктерін іздеу үшін (түнде келмеу керек)»⁽³⁴⁾

Сапардан келген адамға алдымен өз үйінің жанындағы мешітке барып, екі рәкағат намаз оқу – мұстахаб (яғни құптарлық амал);

өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ) осылай істеген.



(34) Муслим (2428).

Сапардан оралған адамға – егер кішкентайлар (үй ішіндегі немесе көршілердің балалары) оны қарсы алса – оларға жылы шырай танытып, мейірім көрсетуі мұстахаб (жақсы амал) болып табылады.

Ибн Аббас (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадисте былай делінеді: Пайғамбарымыз (ﷺ) Меккеге келгенінде, Абдулмутталиб ұрпағынан бір топ жас балалар қарсы алды. Ол (ﷺ) біреуін алдына, екіншісін артына мінгізіп алды. Сондай-ақ Абдуллаһ ибн Джағфар (Алла оған разы болсын) былай деген:

«كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَدِمَ مِنْ سَفَرٍ ثَلَاثِي بَنًا، قَالَ فُتِّلَعِي بِي وَبِالْحَسَنِ أَوْ بِالْحُسَيْنِ، قَالَ فَحَمَلُ أَحَدِنَا بَيْنَ يَدَيْهِ وَالْآخَرَ خَلْفَهُ حَتَّى دَخَلْنَا الْمَدِينَةَ».

«Пайғамбарымыз ﷺ сапардан қайтқанда, біз оны қарсы алатын едік. Бір күні мен және Хасан немесе Хусейнд алдынан шыққанда, бірімізді алдына, бірімізді артына мінгізіп алып, Мәдинаға кірдік»⁽³⁵⁾

Сыйлық беру – жүректерді жұмсартатын, адамдар арасындағы өкпе-назды жоятын амал болғандықтан, мұстахаб болып табылады.

Сыйлықты қабылдау және оған лайықты түрде жауап қайтару (яғни ризашылық білдіру немесе қарымта сый жасау) да мұстахаб. Шарғи тұрғыдан негізделген себеп болмаса, сыйлықты кері қайтару — мәкруһ саналады.


«تَهَادُوا تَحَابُّوا»

«Бір-бірлеріңе сыйлық беріңдер — сонда араларыңда сүйіспеншілік пайда болады»⁽³⁶⁾

(35) /36/ Әл-Байһақи, «әс-Сунан әл-Кубра» (11946).

(36) Имам әт-Табарани, «әл-Му'жам әл-Аусат» (97).

Сыйлық – мұсылмандар арасындағы өзара сүйіспеншілік пен мейірімділікке себеп болатын амалдардың бірі.



Сапардан оралған адам елге келген кезде **оны құшақтап қарсы алу мұстахаб болады. berpelukan.**

Бұл Пайғамбарымыздың (ﷺ) сахабалары тарапынан риуаят етілген. Әнас ибн Малик (Алла оған разы болсын) былай деген:

«Олар (сахабалар) бір-бірімен кездескенде қол алысып амандасатын, ал сапардан келгенде құшақтасатын»⁽³⁷⁾

Пайғамбарымыз Мұхаммедке ﷺ Аллаһ Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын.

Индекс

Сапар әдептері мен үкімдері.	3
Біріншіден: Сапар әдептері.	4
Екіншіден: Сапардағы тазалық	18
Үшіншіден: Сапар кезінде намазды қысқарту ережелері.	22
Төртіншіден: қажылық, умра немесе кез келген сапардан қайту әдебі.	26

تعرف على الإسلام

بأكثر من 100 لغة



موسوعة الأحاديث النبوية
HadeethEnc.com



ترجمات متقنة للأحاديث
النبوية وشروحها بأكثر من
لغة (60)



بيان الإسلام
byenah.com



مواد منتقاة للتعريف
بالإسلام وتعليمه بأكثر
من (120) لغة



موسوعة القرآن الكريم
QuranEnc.com



ترجمات متقنة لمعاني
القرآن الكريم بأكثر من
لغة (75)



موسوعات وخدمات إسلامية باللغات
s.islamenc.com



للمزيد
من المواقع الإسلامية
بلغات العالم



مكتبة المحتوى الإسلامي
islamcontent.com



مواد إسلامية متنوعة
وشاملة بأكثر من (125)
لغة



ضيوف الرحمن
hajjumrh.com



مواد منتقاة للحجج
والمعتمرين والزوار
بلغات العالم

جمعية خدمة المحتوى
الإسلامي باللغات



ضيوف الرحمن
hajjumrh.com

